

МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ

HAPPY KIDS!

Қабылдау уақыты:
8.45 - 09.00

Таңғы жаттығу
09.00 - 09.15

Таңғы ас
09.20 - 09.40

Үйірмелер
09.45 - 10.20

Мәдени іс-шара
10.30 - 12.30

Түскі ас
12.40 - 13.00

Ертегілер әлеміне
саяхат, кітап оқу
13.10-13.50

Шығарып салу
14.00

HAPPY KIDS!

МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ЖАЗҒЫ ЛАГЕРІНЕ
ШАҒЫРАМЫЗ!

02.06-13.06.2025
16.06-27.06.2025

Мектепалды даярлық тобы және
1-4 сынып оқушыларына арналған бағдарлама

"Жасасын спорт әлемі"
(спорттық іс-шаралар)

"English drama"
(тіл үйірмелері)

"Бақытты балалық шақ"
(мәдени іс-шаралар)

"Бой жазайық, кел
ойнайық"
(саябақтарда ойын-сауық
ұйымдастыру)

"Алтын қамба -
алтын уақыт"
(шеберлік сабақтар)

"Art camp"
(сурет үйірмелері)

"КИЕЛІ МЕКЕНДЕР" атты археологиялық лагеріне шақырамыз!

5-8 сыныптар

02.06-13.06.2025
16.06-27.06.2025

- ▲ "Алжир" тарихи мекенге саяхат
- ▲ Сәкен Сейфуллин музейіне саяхат
- ▲ Ұлттық музейге саяхат
- ▲ Жасөспірімдердің өлкетану және
туризм орталығына саяхат

"КІТАП LIKE"

лагеріне шақырамыз!

5-6 сыныптар

02.06-13.06.2025
16.06-27.06.2025

- ◆ "Жасөспірімдер" кітапханасы
- ◆ "Отырар" кітапханасы
- ◆ "Ұлттық" кітапханасы
- ◆ "Мектеп" кітапханасы

БЕЙІНДІК ЛАГЕРІНЕ ШАҒЫРАМЫЗ!

7-8 сыныптар

02.06-13.06.2025
16.06-27.06.2025

- Физика
(Ньютон)
- Химия
(Жас Эйнштейн)
- Ағылшын
(English drama)
- Математика
(Пифагор)

Бүгін мектебімізде «Harry Kids», «KitapLike» «Киелі мекендер» атты мектеп жанындағы жазғы лагердің салтанатты ашылуы өтті!

Балалар үшін мазмұнды демалыс, таным мен шығармашылыққа толы күндер басталды! Алда оларды қызықты саяхаттар, археологиялық зерттеулер, кітап әлеміндегі қызықты кездесулер мен түрлі шеберлік сабақтары күтуде. 🧰 🔍 📖

Лагерь – тек демалыс орны ғана емес, достықты нығайтып, жаңа білім мен дағдыларға жол ашатын маңызды орта. Барша қатысушыларға көңілді демалыс пен ұмытылмас естеліктер тілейміз! 🌈



Бүгін мектебімізде ерекше шығармашылыққа толы күн өтті! Оқушыларымыз жазғы демалысқа деген қуанышын түрлі-түсті борлардың көмегімен асфальт бетіне бейнелеп көрсетті.



«Менің жазғы демалысым!» атты тақырыптағы сурет салу сайысы оқушылардың ой-қиялын ұштап, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Олар теңіз жағалауы, таулы мекендер, табиғат аясындағы демалыс сәттері мен достарымен бірге өткізген қызықты күндерін сурет арқылы жеткізді. 🎨 🧰 🌿



Барлық қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй, жарқын бояулар мен естен кетпес сәттер үшін алғыс айтамыз! 🌈

03.06.2025 Мектеп жанындағы жазғы лагерьде әр күн ерекше әрі мазмұнды өтуде! Бүгінгі күн де балалар үшін қуаныш пен қызыққа толы болды. 🙌

- 🇷🇺 Таңғы жаттығудан басталған күн таза ауа мен көңілді әндерге ұласты.
- 🎨 Артынша балалар шығармашылық сағатта сурет салды.
- ⚽ Спорттық ойындар мен көңілді эстафеталар ұйымдастырылып, барлығы белсене қатысты.

Бүгінгі күн – тағы бір ұмытылмас естелікке айналды. Балалар бір-бірімен жақынырақ танысып, достықты нығайта түсті.



Театр күні 03.06.2025

Бүгін мектеп жанындағы жазғы лагерьдің тәрбиеленушілері ерекше әсерлі әрі тәрбиелік мәні зор қойылымға барды. Олар әлемге әйгілі жазушы Р. Киплингтің «Маугли» шығармасының желісімен дайындалған «Ана құдыреті» атты сахналық қойылымды тамашалады.

«Ана құдіреті» қойылымында туған жерге, бауыр-ағайынға, ананың балаға деген махаббаты жайында терең сыр шертіледі.

Мұны тамашалаған кез-келген көрермен қандай да бір қиындық пен ауырпашылықты төзім, сабырлық, татулық әрі бірлік арқылы жеңуге болатынын анық түсінеді



03.06.25 күні “Жасөспірдердің өлкетану және туризм орталығына” “Киелі мекендер” атты археологиялық лагерь бойынша “Қыран” тобы барды.

Бұл сапардың мақсаты — оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, тарихи-мәдени мұралармен таныстыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

🌍 Балалар алдағы күндері өлкенің тарихи нысандарын аралап, экологиялық серуендерге қатысып, қызықты танымдық ойындар мен шеберлік сағаттарында білімдерін шыңдайтын болады.

Жетекшілер: Тавасаров Мақұлбек, Жанарбек Самғар



04 маусым күні "Happy kids" мектеп жанындағы жазғы лагерінде «Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің белгісі» атты тағылымды ертеңгілік өтті. 🇰🇿

🎨 Іс-шара барысында оқушыларға мемлекеттік рәміздердің тарихы мен маңызы туралы мағлұмат беріліп, патриоттық рухтағы өлеңдер оқылды.

🇰🇿 Ертеңгіліктің басты сәті – барша оқушылар мен ұстаздар бірлесе отырып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындауы болды. Бұл – елімізге деген мақтаныш пен құрметтің жарқын көрінісі.

♦ Мемлекеттік рәміздер – біздің тәуелсіздігіміздің, бірлігіміздің және ұлттық болмысымыздың символы. Оларды қадірлеу – әрбір азаматтың парызы.

✦ Осындай іс-шаралар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік пен елжандылық қасиеттерін қалыптастыруға үлкен үлес қосатыны анық.



04 маусым күні «Қазақстан» саябағына лагерьдегі оқушыларымызбен «Ашық аспан аясындағы көңілді сәт» атты демалыс ойындарын ұйымдастырып келдік. — Балалар үшін табиғат аясында тынығып, бірге ойнап, өнер көрсетіп, ұмытылмас әсерлерге бөленетін кереметтей күн болды. Балалар жарыса өлеңдерін айтып көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.



🌍 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай мектеп жанындағы жазғы лагерьдің «Қыран» тобы Жетісу саябағына танымдық әрі шығармашылық шараға қатысып келді.

🎨 Табиғатты қорғау тақырыбын насихаттау мақсатында балалар «Жер – біздің ортақ үйіміз» атты асфальтқа бормен сурет салу байқауына қатысты. Іс-шара барысында оқушылар өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін жарқын суреттер арқылы жеткізді.

🌱 Балалар қоршаған ортаны аялаудың маңыздылығын түсініп, табиғатты қорғау – әр адамның борышы екенін ұғынды. Шара өте көңілді, әсерлі әрі танымды өтті.

🗑️ Таза табиғат – жарқын болашақ кепілі!



05.06.2025 Дидарлы жаз - 2025 спорттық үйірмесіне, мектебіміздің оқушылары қатысып, түрлі ойындар мен жарыстарға қатысуда. Балалар бар ынта-жігерлерімен атсалысып, қызығушылық танытып қатысуда. Жетекшілері: Жакенов Жанібек, Байдол Хайралас.



05.06.2025 “Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьде спорттық эстафеталық жарыс өткізілді. Топтар өзара әділ жарысып, әр команда ұйымшылдық пен шапшаңдықтарын көрсетті. Балалар доппен секіру, кедергілерден өту, қаппен жарысу секілді түрлі кезеңдерден өтіп, жеңіске жету үшін бар күштерін салды. Шара соңында барлық қатысушылар марапатталды. Эстафета лагерь өміріне ерекше көңіл-күй мен сергектік сыйлады. Балалар бір-бірімен жақынырақ танысып, достық қарым-қатынасын нығайтты. Үйірме жетекшісі: Жетписбаева Гүлдана



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Ғажайып дойбы” үйірмесі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Пифагор” үйірмесі



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп лицей “HAPPY KIDS” жазғы мектеп жанындағы лагерінде “Кітап Like” үйірмесінде “Болашақтағы кітаптар” практикалық сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген ынтасын ояту, бос уақыттарын тиімді пайдаланып, білімге ұмтылу.



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Art camp” үйірмесі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Пифагор” үйірмесі



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде Әкелер күніне орай дайындалған іс-шаралар жоспары негізінде оқушылар арасында «Әке – өнеге, әке - өнеге» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Білім алушылар қылқалам арқылы өз әкелеріне деген құрмет пен сыйластықтарын көрсетіп, байқауға белсене атсалысты. Байқау қорытындысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жүлделі орындар беріліп, марапаттау кезеңі өткізілді.




Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп лицей “HAPPY KIDS” жазғы мектеп жанындағы лагерінде “КітапLike” үйірмесінде “Ертегі - сыр шертеді” атты ертегі оқу сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттырып, өз ойларын ашық айтуға үйрету, шығармашылық бағытта дамуларына үлес қосу.



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде Әкелер күніне орай дайындалған іс-шаралар жоспары негізінде оқушылар арасында «Әке – өнеге, әке - өнеге» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Білім алушылар қылқалам арқылы өз әкелеріне деген құрмет пен сыйластықтарын көрсетіп, байқауға белсене атсалысты. Байқау қорытындысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жүлделі орындар беріліп, марапаттау кезеңі өткізілді.




“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерь аясында бейіндік “Жас Эйнштейн” үйірмесі өткізілді



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “English drama” үйірмесі




“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Ньютон” үйірмесі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Әнші балапан” үйірмесі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерь аясында бейіндік “Ньютон” үйірмесі өткізілді



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерь аясында бейіндік “English drama” үйірмесі өткізілді



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерь аясында “Жасасын спорт әлемі” үйірмесі өткізілді



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Ғажайып дойбы” үйірмесі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерь



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде Әкелер күніне орай «Әке – үлгі, әке - өнеге» атты эстафеталық спорт сайысы ұйымдастырылды.

Әкелер қауымы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, бала тәрбиесіндегі әкелердің ықпалын күшейту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен сайыс «Дені сау отбасы – елдің тірегі!» ұранымен өтті.

Аламанға 4 команда қатысып, бақ сынады:

1. «Астана» тобы. Топтың ұраны : «Астана – бас қала, дес бермес басқаға!»
2. «Намыс» тобы. Топтың ұраны: «Сайыста ерлейміз – намысты бермейміз!»
3. «Қайсар» тобы. Топтың ұраны: «Лайықты жеңіске Қайсармыз күресте!»
4. «Жігер» тобы. Топтың ұраны: «Жігерлі жігіттер, намысты жүректер!»

Сайыскерлер түрлі спорттық эстафеталық сайыстар бойынша сынға түсті:

1. “Кім шапшаң?” эстафеталық сайысы:

Әр топ мүшесі белгіленген қашықтықты жүгіріп өтеді, межеге жеткен соң, таяқшаны келесіге береді.

2. «Жағадан жағаға» сайысы:

Әр команда мүшелері белдеу арқылы (обруч) бірін-бірі сүйемелдеп жүгіріп жарысады.

3. «Баскетболшылар ойыны»:

Қатысушылар баскетбол добымен жүгіріп сайысады.

4. «Ептілер сайысы»:

Скалкамен кедергілер арасынан секіріп сынға түседі.

5. «Кенгуру» қаппен секіру бәйгесі:

Әр топ мүшесі қапқа кіріп секіріп, межелі жерге жетіп қайтады.

6. «Окоп» ойыны:

Ойыншылар окоп кедергісінен өтіп сайысады.

7. «Жүк тасу» сайысы:

Қатысушылар қаптарды көтеріп жүгіріп сайысады.

8. «Серке көтеру» күштік сайысы:

Топ мүшелері серкені көтеруден бақ сынады (барлық топ мүшелері қоса есептеледі).

9. «Найза лақтыру» сайысы:

Қатысушылар найзаны нысанаға дәлдеп жарысады.

10. «Арқан тарту» командалық сайысы:

Топ мүшелері арқан тартудан күш сайысады.

Қызықты да тартысты өткен сайыста командалар төмендегідей жүлделі орындарды иеленді:

I орын: «Астана» тобы

II орын: «Қайсар» тобы мен “Жігер” тобы

III орын: «Намыс» тобы

Сайыс қорытындысы бойынша барлық сайыскер командаларға арнайы дипломдар мен медалдар табысталып, марапатталды.

Жас өркенге спорт пен салауатты өмірді дәріптеп, үлгі-өнеге көрсеткен әкелерімізге алғыс айтамыз!



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп лицей «HAPPY KIDS» жазғы мектеп жанындағы лагерінде «КітапLike» үйірмесі *»Табиғат аясында кітап оқу»* танымдық сағатын ұйымдастырды.

Мақсаты: Оқушылар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру;

- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Табиғат аясында әдебиет пен тынығуды үйлестіру;
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.



Бүгін біз “Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерінде балғын бүлдіршіндермен 1-ші маусымның салтанатты жабылуын өткіздік! Әр топ ерекше белсенділік танытып, шығармашылықтарын, білімдерін және өнерлерін ортаға салды. 🎨🧠🌿

♦ «Қыран» тобы

Флешмоб биімен көңіл сергітіп, құстың ұясын ағашқа іліп, табиғатқа қамқорлық танытты. Сондай-ақ, химия мен физика пәндерінен қызықты тәжірибелер жасап, көрме ұйымдастырды. 🧪🧲

♦ «Толағай» тобы

«Бала Толағай» эстафеталық ойындарында жылдамдық пен ептіліктерін көрсетті. 🏃🏃

♦ «Алтын адам» тобы

Сыртта дәстүрлі емес техникада сурет салып, үйірме жетекшілерімен шығармашылықпен

айналысты. 🎨

◆ «Көбелек» тобы

Ағылшын тілінде “The Teremok” атты шағын драманы сахналады. Сонымен қатар, далада үстел басында сурет салып, сүйікті жануарлары жайлы ағылшынша сөйлемдер құрастырды. 🐶 🐱 🐾

◆ «Қарлығаш» тобы

213-кабинетте Пифагор теоремасы мен геометриялық фигуралар жайлы танымдық үйірме өтті. Далада логикалық пазлдар құрастырып, «Ойна да, ойла» ойынында білімдерін сынады. 🧩 🧠

◆ «Қошақан» тобы

Табиғат аясында кітап оқып, ертегі кейіпкерлерін суреттермен сәйкестендіріп, ерекше кітап мұқабаларын жасады. 📖 🌿

◆ «Жұлдыздар» тобы

«Ғажайып дойбы» турнирінде ақыл-ой жарысында бақ сынасты. Сонымен қатар, «Жүзден жүйрік» ойынында қызықты сұрақтарға жауап беріп, білімдерін дәлелдеді. 🏆 💡

◆ «Шөжелер» тобы

Екі топқа бөлініп, бірі боямақпен сурет салып, екіншісі ермексазdan түрлі бұйымдар жасады. 🖌️ 🍷

🎉 Осындай мазмұнды күн балалардың шығармашылығы мен танымын арттырып, жазғы демалысты есте қаларлықтай етті!



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінде балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және салауатты өмір салтына үйрету мақсатында ашылған «HAPPY KIDS» жазғы ойын-сауық лагерінің 2-кезеңінің ашылу салтанаты болып өтті. «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, жазғы лагерде балалардың рухани дүниесін кеңейтіп, таланттарын шыңдап, өнермен қанаттанып қайтуына барынша күш саламытын боламыз. Жас өркеніміз түрлі ойындар ойнап, ән салып, би билеп, білімдеріңді шыңдап, жақсы дем алумен бірге рухани демалыс орталығына айналып, жас ұрпағымызды өнерге, адал достыққа үндей берсін деп тілейміз.

Лагерь болған қандай жақсы,

Талай достар табатын.
Ұстаздардан үлгісімен
Жақсы тәлім алатын.
Лагерь болған қандай жақсы,
Үйрететін жақсыға,
Білім берер, ойын-сауық,
Талай қызық тапсырма.
Лагерь болған қандай жақсы,
Пайдалы көп өтпек күн:
Анадайын қамқор болған,
Құшағында мектептің.



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “English drama” үйірмесі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Әнші балапан” үйірмесі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “КітапLike” үйірмесі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Art camp” үйірмесі



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Пифагор” үйірмесі



Бүгін мектеп жанындағы
көңілді әрі белсенді күн болды! Балалар арасында эстафеталық спорттық жарыс
ұйымдастырылып, барлығы өз күштері мен ептіліктерін сынап көрді. 🤝

“Happy Kids” жазғы лагерьінде ерекше

Командалар бірігіп, достық пен ұйымшылдықты көрсетті. Қызықты кедергілер, шапшаңдық пен ұжымдық қолдау — жарыс шынайы мерекеге айналды! 🎉



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицей “HAPPY KIDS” жазғы мектеп жанындағы лагері “КітапLake” үйірмесіндегі “Толағай” тобының балалары №4 Балалар кітапханасына саяхат жасады. Мақсаты: Балалардың кітап оқуға, кітапханаға баруға деген қызығушылығын, ынтасын ояту. Жолда, қоғамдық орындарда мәдени мінез-құлық ережелерін тәрбиелеу.



“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагері



Бүгін мектеп жанындағы жазғы лагерьдің оқушылары Аружан ойын-сауық орталығындағы ойын алаңына барып, керемет уақыт өткізді! 🏰🐎🎈

Балалар әртүрлі аттракциондарға қатысып, ойнап-күліп, көңілдерін бір серпілтіп қайтты. 😊

Бұл күн олардың жадында жарқын естелік болып қалары сөзсіз!

“Happy Kids” мектеп жанындағы жазғы лагерьдің “Психологпен қызықты уақыт өткізу” үйірмесі

